

3. Гушев А., Сергеев Е. Военно-технические аспекты войны в зоне Персидского залива //ЗВО, 1991, №7, с. 3-9.
4. Палагин В., Кайшури А. Ведение воздушной разведки в операции «Буря в пустыне» //ЗВО, 1995, №12, с. 26-29.
5. Брусиллов А.А. Мои воспоминания. М., Воениздат, 1983, 256 с.
6. Жуков Г.К. Воспоминания и размышления. В 2-х т. Т.1. М., АП «Новости», 1974, 432 с.
7. Жуков Г.К. Воспоминания и размышления. В 2-х т. Т.2. М., АП «Новости», 1974, 448 с.
8. Штеменко С.М. Генеральный штаб в годы войны. М., Воениздат, 1975, 788 с.
9. Уманский Л.И. Психология организаторской деятельности. М., Наука, 1980, 231 с.
10. Ковалев А.Г. Коллектив и социально-психологические проблемы управления. М., Политиздат, 1975, 270 с.
11. Свенцицкий А.Л. Социальная психология управления. Л., ЛГУ, 1986, 175 с.
12. Михеев В.И. Социально-психологические аспекты управления. Стиль и методы работы руководителя. М., Моск. рабочий, 1975, 493 с.
13. Жуков Г.К. Воспоминания и размышления. В 2-х т. Т.1. М., АП «Новости», 1974, 432 с.
14. Жуков Г.К. Воспоминания и размышления. В 2-х т. Т.2. М., АП «Новости», 1974, 448 с.
15. Штеменко С.М. Генеральный штаб в годы войны. М., Воениздат, 1975, 788 с.
16. Наука побеждает. Век XVIII. М., Мол. гвардия, 1984, 605 с.

ИННОВАЦИИ В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ

ОӘК 338.37

**Айтжанова Дина Альбиевна – э.ғ.к., доцент (Алматы, ЭИ ҚҰ БҒМ)
Идирисова Бибинур Шаменқызы – аға оқытушы (Алматы, ЕҢИ)**

БІЛІМ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫН ҚАЛЫПТА СУЫНДАҒЫ АДАМДЫҚ КАПИТАЛДЫҢ РОЛІ

Дағдарыстан кейінгі отандық экономиканың артуының негізгі факторы, біздің пікіріміз бойынша, экономикалық дамуының парадигмасының қайта бағытталуы. Осы арайда, жаңа экономика, адамдық капиталға бастапқы орын берген білім экономикасын қалыптасуына ерекше көңіл аудару керек. «Адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін болашаққа белсенді инвестициялау» аса маңызды мақсат деп Елбасы Жолдауында анықтайды.

Адамдық капитал, ұлттық байлықтың бір бөлігі ретінде халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылауына, білім беруге, денсаулық сақтауға, ғылымға, кәсіпкерлік қабілеттілікке, ақпараттық қамтамасыз етілуге және де қауіпсіздікке, халықтың экономикалық бостандығына тартылған инвестициялар есебінен қалыптасады. Сондықтан, адамдық капиталдың, экономиканың және елдің даму деңгейінің жоғарылауы толығымен байланысты және бір-біріне тәуелді. Егер, адамдық капиталдың инвестицияларының аясы ретінде жаңашылдық және ақпараттық деңгей, интеллектуалды капитал және білім қызмет етсе, онда, үздіксіз оқуды қалыптастырудың қажеттілігіне мыналар әсер етеді: технология мен өндірістік еңбектің деңгейі, әлеуметтік сфера, мемлекеттік басқарудың тиімділігі, венчурлық бизнес, азаматтық қоғамның дамуы. Осы жағдайға байланысты, адамдық ресурстарға тартылған біртұтас инвестициялар барлық шығындар сомасын құрайды.

Халықаралық тәжірибеде ғылымға және оның материалдық емес активтері ретінде топтасуына жұмсалған шығындарды бағалауға АҚШ-та қабылданған ФРАСКАТИ әдістеме басшылығы кең қолданысқа ие. Осы атап өтілген әдістеме басшылығы келесі алгоритмдерге арналған есептерде қарастырылады (1-сурет):



Ескерту* Авторлар жасаған

1 сурет. ФРАСКАТИ әдістемесіне арналған есептеу көресткіштері

Әдістемеде ғылыми құралдарды жүзеге асыру кезеңімен және білім мен тәжірибенің қорларының өсуі ретіндегі жиналған адамдық капиталдан алынған қорытындылардың арасындағы уақытша лаг есепке алынады. Адамдық капиталдың орташа қызмет ету мерзімі 18 жылға теңестірілген.

Көлемді зерттеулер БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік кеңесімен (ЭКОСОС) 1970ж. дайындалған, ол жерде ғаламдық дамудағы адамдық фактордың ролі мен маңызы басты мәселе болып қойылған. Бұл зерттеулерде адамдық капиталдың кейбір құрамдастарының есептеулерінің әдістемелері құрастырылған: бір ұрпақтың орташа өмір сүру ұзақтығы, белсенді еңбек кезеңінің ұзақтығы, еңбек күшінің таза балансы, отбасылық өмірдің айналымы және т.б. Адамдық капиталдың құнына, тәрбиеге, білім беруге және жаңа жұмыскерлерді даярлауға, біліктілікті жоғарылатуға, еңбек қызметінің кезеңін ұзартуға, аурулармен байланысты шығындар кіреді. Сонымен қатар, халықаралық банктің әдістемесі бойынша адамдық капиталдың басқа көрсеткіштерімен қатар, жиналған білім де есепке алынады. Осыған сәйкес ҚР Статистика Агенттігінің топтастыруына байланысты, адамдық капиталды жинақтаудың көздері болып мыналар табылады, олар: ғылым, білім, мәдениет және өнер, денсаулық сақтау және ақпараттық қамтамасыз ету. ТМД мемлекеттеріндегі тәрбиелеу және білім беру аясында қалыптасқан ерекшеліктерін зерттеу қорытындыларына сәйкес ұлттық адамдық капиталды қалыптастырудың келесідей қосымша көздері ұсынылған болатын (2-сурет).



Ескерту* Авторлар жасаған

2-сүрет. Ұлттық адамдық капиталды қалыптастыру көздері

Әлемдік банктің адамдық капиталды бағалау әдістемесі қоғамның адамдық ресурстарды қайта жаңартуға арналған жыл сайынғы ағымдық шығындардың есебін көздейді. Есептеулердің көздері болып – мемлекеттің, отбасылардың, кәсіпкерлердің және түрлі қорлардың шығындары табылады. 1-кестеде кейбір мемлекеттің адамдық капиталының көрсеткіштері көрсетілген:


1– кесте. Әлем елдеріндегі адамдық капиталды бағалау

Елдер	Жалпы көлемі, трлн.доллар	Адамдық капитал, %		
		Елдердің ұлт. байлығына	әлемдік қорытын.	АҚШ деңгейіне
Әлемдік қорытынды	365	66	100	384
АҚШ	95	77	26	100
Ресей	30	50	8	32
Қазақстан	40	50	11	42
Қытай	25	77	7	26
Бразилия	9	74	2	9
Индия	7	58	2	7
Мексика	8	77	2	8

Осы әдістемеге негізделген есептеулер, көптеген елдердегі адамдық капитал жиналған байлықтың жартысынан асатындығын көрсетеді. Ол осы мемлекеттің жоғары деңгейлі дамуын көрсетеді. Бірақ, адамдық капиталдың пайыздық үлесіміне табиғи ресурстардың бағасы көп әсер етеді, әсіресе ол өтпелі экономикасы дамыған елдерге тән, олардың қатарында Қазақстан мен Ресей де бар. Біздің ойымызша, адамдық капиталдың мөлшерінің бағасы аса жоғарылатылған. Маманды даярлауға кететін таза шығындар мөлшері батыс елдерге қарағанда жоғары. Соңғы онжылдықта дамыған елдерде адамдық капиталға салынған инвестициялардың өсуі байқалады. Мысалы, АҚШ-та 2005 жылы білімге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға кеткен шығындар өндіріс қаржы салымдарынан 3 есе жоғарылатылған. Бұған әлемдік деңгейдегі жоғары білімі бар және білімі жоқ адамдарының шығындарының жоғары айырмасы итермелейді. 2005 жылдың қорытындысы бойынша жоғары білімі бар американдықтардың өмір бойы жинаған тұтас пайдасы 1720 мың. долл-ды, ал орта білімі бар адамдардікі 756 мың.долл-ды құрады.

Кәсіби және ақыл-ой еңбегінің жоғары жалақысы дамыған елдерде білім алудың маңызды түрткісі және олардың дамуының негізгі факторы болып табылады. Дамыған елдердің шынайылығын көрсетеді, ақыл-ой еңбегінің жаңа экономикаға деген үлкен маңызы тұтастай елдің қосылған ақыл ой өрісі мен біріктірілген өндіріс бөліктерінің, одақтарының мықты энергетикалық әсерін туындатады. Соңғы онжылдықта дамыған елдердегі адамдық капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемі 70%-ды құраған, алып елдерде адамдық капиталға салынған инвестициялардың негізгі үлесін мемлекет жүзеге асырады. Финляндия, Жапония, Тайвань, Гонконг, Сингапур сияқты елдердің салыстырмалы тез жетістіктері осы елдердің халқының мәдениеті мен жоғарғы ақыл-ойы адамдық капиталды қалыптастырудағы негізі деген ұйғарымды дәлелдеп отыр. Қазақстанда 776 мың студенттің ішінен тек 15,8%-ы мемлекеттік бюджеттен оқытылады, ал қалған 84%-ы отбасы есебінен оқиды. Әлемдік стандарттарға сай сапалы білім беру, мұғалімдерді даярлауға, техникалық жабдықтандыруға, ЖОО мен колледждердің оқу базаларының жаңашандырылуына өте үлкен шығындарды қажет етеді. Сонымен қатар, қазақ тілінде білім алып жатқан оқушылармен студенттерді сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету недәір қаржыларды қажет етеді.

Ғылыми процесс экономиканың бәсекеге қабілеттігінің кепілі. Оны күшейту үшін барлық кадрлық, техникалық, қаржылық және ақпараттық ресурстарды, ғылым мен білімді, ғылым мен өндірісті байланыстырып мобилизациялау керек. ҚР-да бастапқы және қолданбалы зерттеулерді республикалық бюджеттен қаржыландырудың тенденциясы ұлғайып барады (3-сурет).



Ескерту* Авторлар жасаған

3-сурет. Бастапқы және қолданбалы зерттеулерді республикалық бюджеттен қаржыландыруының тенденциясы, млрд. теңге

Сонымен қатар, Қазақстан ғылыми- зерттеу жұмыстарды қаржыландыру көрсеткіштер бойынша Ресейден 2 есе, Беларусьтен 1,2 есе артта қалып отыр. « .. біздің жоспарларымызды іске асыру үшін бір ғана мемлекеттік ресурстар жеткіліксіз болатыны анық. Оның негізгі көзі тікелей шетелдік инвестициялар болуы тиіс.» - осылай Елбасының Жолдамасында бұл мәселені шешу бағыты анықталған.

Әлемдік Давос Экономикалық Форумының мамандарының пікірінше, «Қазақстанға халықаралық зерттеу шеңберімен тығыз байланыс орнату үшін, шетелдерде оқитын студенттердің және тәжірибеден өтіп жатқан ғалымдардың санын көбейту қажет». Бұл тез әрі тиімді тәсіл болып табылады. Мұнымен тек мемлекеттік ұйымдар мен компаниялар ғана емес, сондай-ақ, осы мақсаттарға керекті қаржыны инвестициялай отырып жеке меншік фирмалар да айналысу қажет. Нарықтық экономиканың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатындай етіп, білім беру жүйесін өзгерту керек және білім беруге инвестиция тарту қажет. Шетел компанияларының пайымдауынша, білікті шетел мамандарының келуіне арналған көмек жүйесін өзгерту керек.

Ғаламдық сауданың либерализациялау шарттары жаңа бәсекелестік әдістемені қажет етеді. Адам өмірінің сапасы арнаулы деңгейге жеткенде елдер мен аймақтар арасында бәсекелестік қатынастардың жаңа кезені басталады. Аймақтар инвестициялар, арнаулы кәсібі әдеттермен ұйымдастылған өндіріс, қаржы, мекемелер, денсаулық сақтау, білім жүйелеріне және т.б. қоғамдық өндіріс салаларына даярланған мамандарды тартуға қызығады. Мемлекет елдің барлық аймақтарының бірқалыпты дамуын көздейді, бірақ бұл жағдай көптеген басқа факторлармен байланысты, сол себепте мемлекеттік және жергілікті бюджеттерінің ақшалай қаражаттарын қайтадан қарастырады.

Бәсекелестік жетістікерді дамытуға арналған жергілікті ноу-хауды кең көлемде пайдалану үшін трансұлттық компаниялар арасында күрес басталды. Осы мақсатпен әр өңірлерде ғылыми бөлімдер, зерттеу және жаңашылдық орталықтар ашылуда. ҒЗТКЖ – дың болашағы- бар нарықтарға көшуі, ТҰК-ның стратегиясының маркетингтік және технологиялық бөлігіне айналуы. Республикамызда жүзеге асып жатқан 2020 жылға арналған ғылым мен білімді дамытудың мемлекеттік Стратегиясы адамдық капиталдың негізін құраушы халықаралық еңбек нарығының және технологияның талаптарын міндетті түрде ескеруі қажет. « Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатан түрде экономиканың қажеттіліктерімен өзара байланыстырылуы керек. Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беру тиіс» деп мақсаттайды Елбасы Жолдауында. Ғылымды дамытудың 2020 жылға арналған мемлекеттік Стратегиясы бір жағынан, өнеркәсіпте қажет етілетін ғылыми зерттеу жұмыстарының болашағын, екінші жағынан ғылыми менеджменттің және оның коммерциализациясының қайта құрылуы қажетті инвестициялардың қайнар көздерін анықтауды көздейді. Осы Стратегияны тұтастай орындауға бюджеттен 43,4млрд.теңге инвестицияланады деп болжануда, ал ол жалпы ішкі өнімнің 3%-ын құрайды. Осы бағдарламаны жүзеге асыру мыналарды қамтамасыз етеді:

1. Жоғары қосымша бағаланатын жоғары технологиялық және ғылыми сыйымды өнімді өндіруге бағытталған құрылымдық жаңартулар;
2. Шетелде және елімізде зерттеулердің қорытындысының және әдістерінің патенттелуінің белсенділігін арттыру;
3. 2015 жылға қарай елде енгізілетін талдаулар, патенттер мен дайын технологиялар түрінде өз нәтижелерін беруге тиіс,
4. ҒЗТКЖ жүргізетін бәсекелестік зерттеулерді алу және тиімді пайдалану;
5. Ғылыми зерттеулер мен талдауларды қаржыландырудың гранттық жүйесін дамыту, оның ішінде қаржыландыруда жеке меншік секторды қатыстыру арқылы. Жолдауда аталғандай «негізгі көзі тікелей шетелдік инвестициялар болуы тиіс»;

6. Біріккен ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүзеге асырудың механизмін және ғылыми жобаларды қаржыландыруды, жеке меншік сектордың қызығушылығын арттырудың механизмдерін енгізу арқылы бизнес пен ұлттық компаниялардың қатысуын арттыру.

7. Таядағы онжылдықта тұрлаулы да тендестілген даму жедел әртараптандыру және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру,

8. Жеке меншік инвестицияларды тарту жөнінен мемлекеттік жекеменшік әріптестік тетігі орасан зор әлеуетке ие болуы керек,

9. Жобалық қаржыландыру қағидатын ендіру мақсатында біздің заңнамада ерекше құқықтық мәртебесі бар арнаулы жобалық ұйымдар құрылуы керек.

10. Осы мәселелерді шешуге елімізде ғылыми орталықтар мен ЖОО жаңа зертханаларын ашу, жетекші ғылыми орталықтардың ішінде ашық түрдегі ұлттық ғылыми зертханалардың санын 5-ке жеткізу, жетекші ЖОО-ң базасында инженерлік тұрпаттағы 15 ғылыми зертханаларды жабдықтандыру, шетел инвесторларының үлестік қатысуымен кем дегенде 2 ғылыми орталықтар ашу, ұлттық компаниялардың көмегімен отандық жобалардың үлесін 50%-ға жеткізу сияқты шаралар көзделген. Ғылым дамуының маңызды приоритеттері : халықаралық стандарттарға сәйкес ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау және оқыту, республикалық және салалық ғылыми-техникалық бағдарламалардың жобалық қаржыландырудың 50%-шейін. жүзеге асыруда ЖОО-ң белсенділігін жоғарлату болып табылады.

Осы мақсатқа сай:

- ғалымдар мен мұғалімдердің ассистенттері ретінде студенттердің кем дегенде 10%-ын белсенді ғылыми қызметке қатыстыру;

- ғылыми-зерттеу қызметін басқару халықаралық стандарттарын ұлттық ғылыми орталықтарының тәжірибелік жұмыстарына енгізу;

- мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациялау кезінде халықаралық стандарттарды міндетті шарт ретінде пайдалану;

- шетелдік ғылыми тәжірибе бағдарламаларына республикамыздың барлық ғалымдарының кем дегенде 20%-ын қатыстыру.

Көрсетілген приоритеттерді инвестициялық қамтамасыз ету үшін ҒЗТКЖ –н (ғылыми-техникалық тәжірибелік зерттеу жұмыстарының) жалпы ішкі өнімнің үлесі 50%-ға өсу керек, және де осы мақсаттарға арналған шығындардың өсуінің арқасында жалпы ішкі өнімнің құрамындағы ғылыми және ғылыми-жаңашылдық өнімдердің салмағының 1,5-2% көтерілуі қажет. Сонымен қатар, «Самрук-Қазына» қоры отандық және шетелдік инвесторлардың қатысуымен венчурлық қорлар құру мен дамыту жұмысын жүргізіп жатыр, нақты АҚШ, Еуропа және Орталық Азия үш венчурлық қорларына инвестициялар салынды.

Адамдық капиталдың сапасына үлес қосатын «Болашақтың экономикасы» секторлары: «өмір туралы ғылымдар орталығы, энергетикалық зерттеу орталығы, тақырыпаралық аспаптық орталық инжиниринг орталығы» -2010 жылы құрылуы мақсатталған.

Әлемдік деңгейге жету үшін, мемлекеттің жан жақты қолдауымен, алдыңғы қатарлы ұлттық жоғары оқу орындарының күшті интеллектуальды әлеуеті бар. Осы мәселе жүзеге асырушы, 2010 ж. мамыр айындағы білім және ғылым Министрінің ақпараты бойынша, дағдарысқа қарамай мемлекеттік бюджеттен білім, ғылым саласына 2009 жылы 2008 жылымен саластырғанда (2008 жыл – 627,3 млрд. тенге) 10,7 пайыз өсіп және 709,9 млрд. тенге құрастырған. 2020 Стратегиялық жоспарын іске асырудың базалық шарттары орындау, адамдық капиталдың бәсекеге қабілеттілігін арттырады

және бизнес ахуалы ең қолайлы деген 50 елдің қатарына Қазақстанның енуіне камтамасыз етеді.

Қорытынды

Жоғарыдағы зерттеу мен тәжірибелік, теориялық тұжырымдамалар инновациялық экономиканы, болашақ экономиканы, адамдық капиталды қалыптастыру мәселелерін қарастырды. Біздің пікіріміз бойынша, біліммен ғылым, ҒЗТКЖ одан әрі дамытуың қаржыландыруына отандық жеке бизнес субъектілерін және шетел инвесторларын адамдық капиталды инвестициялауға тарту, сонымен қатар ЖОО-ң түлектерінің дайындығы кәсібі стандарттарға сәйкес болу және қатан түрде экономиканың қажеттіліктерімен өзара байланыстыруы, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.А. Послание Президента РК народу Казахстана «К конкурентоспособному Казахстану, конкурентоспособной экономике, конкурентоспособной нации». - «Казахстанская правда», 19 марта 2004г.

2. «Стратегия индустриально-инновационного развития республики Казахстан на 2003-2015гг.». - «Казахстанская правда», 17 мая 2003г.

3. Назарбаев Н.А. Послание Президента РК народу Казахстана «Новое десятилетие - новый экономический подъем - новые возможности Казахстана». - «Казахстанская правда», 30 января 2010 г.

4. Сагадиев К.А. «Человеческий фактор в устойчивом развитии экономики Казахстана». - Материалы Международной научно-практической конференции «Кадровое обеспечение экономического развития Казахстана на пути вхождения в ряды конкурентоспособных стран мира». - Алматы, 2009г., с. 16-24.

5. Нурсейт А.Ш. «Взаимосвязь стратегии и сознательно-планомерной организации ее реализации». - Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 10-летию Стратегии «Казахстан-2030», Алматы, 2007, с.25-31.

6. <http://www.nomad.su/?a=3-201001130016>

УДК 811.512.122 (075)

Исмағұлова Баян Хамзиевна – ф.ғ.д., профессор (Алматы, ҚазККА)

Шыныбекова Айжан Сахановна – ф.ғ.к., доцент (Алматы, ҚазККА)

КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ СӨЙЛЕУ ҚАТЫНАСЫ

Кейіпкерлердің сөйлеу әрекеттерінің үздіксіз тізбектері ретінде ұйымдастырылған ерекшелігі когнитивтік лингвистиканың жетістіктерін қолдануға негіздейді, өйткені барлық коммуникативтік (сөйлеу) әрекет қандай да бір когнитивтік құрылымды жүзеге асыру болып табылады. Тілдің когнитивтік аспектісі біріншіден, тілдің қоғамдық сананың құралы ретінде қолданылатын жағдайларында, яғни қоғамның жаңа білім алған кезінде; екіншіден, тіл жеке танымның құралы болған кезде, жеке адамның танымдық міндеттерін шешу тәсілі ретінде; үшіншіден, тіл объективтік шындықтың «пәндік көрсеткіші» болатын тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды құралы болып қызмет еткенде көрініс береді. Жоғарыда аталған когнитивтік құрылымдар қазіргі лингвистикалық білімге сәйкес, әлеуметтік мәдени сипаттағы ақпараты бар фреймдік үлгілермен берілген. 70-ші жылдардың ортасында пайда болған когнитивтік ғылым (когнитивтік лингвистика, когнитивтік психология және т.б. қосқанда) адамның ақпаратты игеруі, жинауы мен қолдануын зерттеумен шұғылданады. Білім қорындағы екі құраушы – тілдік және тілдік